

ДІНТАНУ

FTAMP 21.41.67

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-14>

М.А.МИРЗАРАИМОВА¹ , Ф.Б.КАМАЛОВА² 

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Дінтану кафедрасының 1-курс магистранты (Түркістан, Қазақстан), e-mail: muassar168@gmail.com

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Дінтану кафедрасының меңгерушісі, PhD. (Түркістан, Қазақстан), e-mail:
feride.kamalova@ayu.edu.kz

БАТЫС ӘЛЕМІНДЕГІ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Аңдатпа. Бұл зерттеу Мұхаммед пайғамбардың бейнесінің өзгеруін кезең кезеңдерге бөліп, оның тұлғасының өзгеруіне қатысты Батыс ғалымдарының тұжырымдарына тоқталып, олардың тарихи және мәдени контекстердегі ерекшеліктерін талдауға бағытталған. Бұл зерттеудің мақсаты батыс ғалымдарының Мұхаммед пайғамбар туралы тұжырымдарын жан-жақты талдау арқылы олардың тарихи, мәдени және діни көзқарастарының қалыптасу ерекшеліктерін анықтау, бұл тұжырымдарға әсер еткен факторларды зерттеу және олардың ислам мен Батыс арасындағы өзара түсіністікке ықпалын бағалау. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) бейнесінің өзгеруін зерттеу – тарихи, мәдениеттанулық, саяси және медиа зерттеулерді қажет ететін кешенді тақырып. Сондықтан зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер, тарихи әдіс арқылы пайғамбардың тарихи өзгерістерін сипаттау, контент-анализ арқылы пайғамбар бейнесін зерттеудің объективтілігін қамтамасыз етіп, мәселені жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері журналистерге, редакторларға және медиа продюсерлерге ислам дінінің және Мұхаммед пайғамбардың бейнесін объективті әрі әділетті түрде көрсету бойынша практикалық ұсынымдар ұсына алады. Батыс пен ислам әлемі арасындағы өзара түсіністікті арттыруға бағытталған мәдениетаралық диалог бағдарламаларын әзірлеуде пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелері дінтану, медиатану, мәдениетаралық коммуникация және журналистика салалары бойынша оқу бағдарламаларын жетілдіру үшін құнды материал бола алады. Бұл зерттеу журналистердің дін мен діни көшбасшыларды бейнелеуде жауапты және этикалық стандарттарды сақтауы үшін жаңа бағыттарды айқындайды.

Кілт сөздер: Мұхаммед пайғамбар, ислам, Батыс мәдениеті, пайғамбар феномені, медиа.

М.А.Mirzaraimova¹, F.B.Kamalova²

¹1st-year Master's student of the Department of Religious Studies at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: muassar168@gmail.com

²Head of the Department of Religious Studies of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, PhD (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: feride.kamalova@ayu.edu.kz

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

М.А.Мирзараимова, Ф.Б.Камалова. Батыс әлеміндегі Мұхаммед пайғамбар бейнесінің өзгеруі // НІКМЕТ. – 2025. – №1 (3). – Б. 40–51. <https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-14>

***Cite us correctly:**

М.А.Мирзараимова, Ф.Б.Камалова. Батыс әлеміндегі Мұхаммед пайғамбар бейнесінің өзгеруі // НІКМЕТ. – 2025. – №1 (3). – Б. 40–51. <https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-14>

Мақаланың редакцияға түскен күні 18.03.2025 / қабылданған күні 23.03.2025

The Changing of the Image of the Prophet Muhammad in the Western World

Annotation. This study divides the process of transformation of the image of Prophet Muhammad into stages, examines the conclusions of Western scholars regarding the evolution of his personality, and analyzes the characteristics of these changes in historical and cultural contexts. The aim of the study is to conduct a comprehensive analysis of Western scholars' perspectives on Prophet Muhammad, identifying the historical, cultural, and religious aspects of their formation, exploring the factors that influenced these perspectives, and assessing their impact on mutual understanding between Islam and the West. The study of the transformation of Prophet Muhammad's (pbuh) image requires a comprehensive approach, including historical, cultural, political, and media studies. Therefore, both qualitative and quantitative methods are used in the research: the historical method helps describe the evolution of the Prophet's image, content analysis ensures the objectivity of the study, and an integrated approach allows for an in-depth examination of the issue. The findings of the study may be useful for journalists, editors, and media producers in presenting Islam and the image of Prophet Muhammad in an objective and fair manner. Additionally, they can be used in the development of intercultural dialogue programs aimed at strengthening mutual understanding between the West and the Islamic world. The results provide valuable material for improving academic curricula in religious studies, media studies, intercultural communication, and journalism. This research also identifies new directions for journalists in covering religion and religious leaders, emphasizing the importance of adhering to ethical and professional standards.

Keywords: The Prophet Muhammad, Islam, Western Culture, The Phenomenon of the Prophet, Media.

М.А.Мирзараимова¹, Ф.Б.Камалова²

¹*Магистрант I-курса кафедры религиоведения Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Ясауи (Казахстан, Туркестан), e-mail: muassar168@gmail.com*

²*Заведующая кафедрой религиоведения Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмета Ясауи, PhD (Казахстан, Туркестан), e-mail: feride.kamalova@ayu.edu.kz*

Изменение образа пророка Мухаммеда в западном мире

Аннотация. Это исследование разделяет процесс изменения образа пророка Мухаммеда на этапы, рассматривает выводы западных ученых относительно трансформации его личности и анализирует особенности этих изменений в историческом и культурном контекстах. Цель исследования – всесторонний анализ представлений западных ученых о пророке Мухаммеде с выявлением особенностей их исторического, культурного и религиозного формирования, исследование факторов, повлиявших на эти представления, а также оценка их влияния на взаимопонимание между исламом и Западом. Изучение изменения образа пророка Мухаммеда (с.а.в.) требует комплексного подхода, включающего исторические, культурологические, политические и медиаисследования. Поэтому в ходе исследования используются как качественные, так и количественные методы: исторический метод позволяет описать эволюцию образа пророка, контент-анализ способствует объективному изучению этого вопроса, а комплексный подход помогает всестороннему рассмотрению проблемы. Результаты исследования могут быть полезны журналистам, редакторам и медиа-продюсерам для объективного и справедливого освещения ислама и образа пророка Мухаммеда. Кроме того, их можно использовать при разработке программ межкультурного диалога, направленных на укрепление взаимопонимания между Западом и исламским миром. Полученные данные представляют

ценность для совершенствования учебных программ по религиоведению, медиаведению, межкультурной коммуникации и журналистике. Также данное исследование определяет новые направления для журналистов в освещении религии и религиозных лидеров, подчеркивая важность соблюдения этических и профессиональных стандартов.

Ключевые слова: Мухаммед Пророк, ислам, западная культура, феномен пророка, медиа.

M.A.Mirzaraimova¹, F.B.Kamalova²

¹*Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Dintanu Bölümü 1.Sınıf Yüksek Lisans Öğrencisi (Kazakistan, Türkistan), e-mail: muassar168@gmail.com*

²*Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Dintanu Bölümü Başkanı, Dr. (Kazakistan, Türkistan), e-mail: feride.kamalova@ayu.edu.kz*

Batı Dünyasında Muhammed Peygamber İmajinin Değişimi

Özet. Bu araştırma, Hz. Muhammed'in imajının değişim sürecini aşamalara ayırarak incelemekte, Batılı akademisyenlerin onun kişiliğinin dönüşümüne dair vardıkları sonuçları ele almakta ve bu değişimlerin tarihsel ve kültürel bağlamlardaki özelliklerini analiz etmektedir. Araştırmanın amacı, Batılı akademisyenlerin Hz. Muhammed hakkındaki görüşlerini kapsamlı bir şekilde analiz etmek, bu görüşlerin tarihsel, kültürel ve dini oluşum özelliklerini belirlemek, onları etkileyen faktörleri incelemek ve bunların İslam ile Batı arasındaki karşılıklı anlayışa olan etkisini değerlendirmektir. Hz. Muhammed'in (s.a.v.) imajının değişimini incelemek için tarih, kültürel çalışmalar, siyaset ve medya araştırmalarını içeren çok yönlü bir yaklaşım gerekmektedir. Bu nedenle, araştırmada hem nitel hem de nicel yöntemler kullanılmaktadır: Tarihsel yöntem, peygamberin imajının evrimini tanımlamaya yardımcı olurken, içerik analizi, konunun objektif olarak incelenmesini sağlar. Kapsamlı yaklaşım ise sorunun bütüncül bir perspektiften ele alınmasına olanak tanır. Araştırmanın sonuçları, gazeteciler, editörler ve medya yapımcıları için İslam ve Hz. Muhammed'in imajını objektif ve adil bir şekilde sunmada faydalı olabilir. Ayrıca, Batı ve İslam dünyası arasındaki karşılıklı anlayışı güçlendirmeye yönelik kültürlerarası diyalog programlarının geliştirilmesinde kullanılabilir. Elde edilen veriler, din bilimleri, medya çalışmaları, kültürlerarası iletişim ve gazetecilik alanlarındaki eğitim programlarının iyileştirilmesine katkı sağlayabilir. Bununla birlikte, bu araştırma, gazeteciler için din ve dini liderlerin medya yoluyla sunumunda yeni yönelimleri belirlemekte ve etik ile profesyonel standartlara uyulmasının önemini vurgulamaktadır.

Anahtar Kelimeler: Muhammed Peygamber, İslam, Batı kültürü, Peygamber Fenomeni, Medya.

Кіріспе

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) тұлғасы дінтану саласындағы өте өзекті тақырыптардың бірі. Батыс ғалымдарының назарынан тыс қалмаған маңызды тарихи, мәдени және діни құбылыс болып табылады. Ислам дінінің негізін қалаушы ретінде оның өмірі мен қызметі адамзат тарихындағы ең ықпалды оқиғалардың бірі ретінде қарастырылады. Батыс ғалымдары Мұхаммед пайғамбарға әртүрлі көзқараспен қарап, оның бейнесін әр кезеңде әрқалай түсінді. Орта ғасырларда оған қатысты еуропалық көзқарастар көбінесе теріс сипатта болса, жаңа заман мен ағартушылық дәуірінде объективті және ғылыми зерттеулер басымдық ала бастады. Жалпы Батыс медиа материалдарын басқа аймақтардың медиасындағы пайғамбар бейнесімен салыстыру арқылы екі жақта пайғамбар тұлғасына қатысты ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтауға болады. Танымал батыс БАҚ-тарын (газеттер, телеарналар, интернет платформалар) іріктеп, мысалы: BBC, CNN, New York Times, Guardian сияқты медиаресурстардағы пайғамбар тұлғасына қатысты қалыптасқан пікірлерді жинақтап көрсетуге болады. Зерттеу жұмысы пайғамбардың бейнесі туралы

медиа құралдарындағы әртүрлі сипаттамалар оның қабылдануына тікелей ықпал етеді, сондықтан медиа эффект теориясы, стереотипизация және фрейминг теорияларын қолдану ақпарат құралдарының қоғамдағы адамдардың ой-пікірі мен сенімдеріне қалай әсер ететінін зерттеуге, пайғамбар тұлғасын әр түрлі контексте түсіндіруге, пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) бейнесі әртүрлі мәдениеттерде әртүрлі стереотиптер арқылы сипатын анықтайды. Пайғамбар тұлғасының батыс қоғамындағы бейнесін түсіндіруге арналған мәдениетаралық коммуникация және діндер арасындағы қатынас теориялары бұл бейнені жақсартудың маңызды құралы ретінде қолданылады. Исламның Батыс қоғамындағы бейнесі көбінесе саяси оқиғалар мен медиа мазмұн арқылы қалыптасады. Саяси процестер мен жаһандық оқиғалар ақпарат құралдарында қалай көрсетілсе, қоғамның ислам туралы көзқарасы да соған сәйкес өзгеріп отырады. Сондықтан, саяси оқиғалар мен медиа мазмұнның байланысы: терроризм, исламофобия, миграция мәселелері сияқты тақырыптардың пайғамбар бейнесіне әсерін талдау жүргізу бүгінгі өзекті мәселелердің біріне айналуға. Зерттеу жұмысында этика және объективтілікті сақтай отырып, субъективті пікірлерден аулақ болу үшін нейтралды ұстаным қолданылды. Дереккөздерді әділ таңдалып және контексті дұрыс интерпретация жасалынды. Зерттеу нәтижелері негізінде Мұхаммед пайғамбар тұлғасының Батыс медиасындағы бейнесінің көпқырлы екенін және оның қабылдауына саяси, мәдени және діни факторлардың қалай әсер ететінін анықтап көрсетіп, нәтижесінде Батыс медиасында ислам туралы объективті және әділ көзқарас қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Бұл жұмыста Хазірет Мұхаммедтің бейнесінің өзгеруін бірнеше кезеңдерге бөліп көрсетілген.

Зерттеу әдістері

Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.с.) Батыс мәдениетінде қабылдануын зерттеу – тарихи, мәдениеттанулық, саяси және медиа зерттеулерді қажет ететін кешенді тақырып. Сондықтан зерттеу барысында сапалық және сандық әдістерді үйлестіре отырып қолдануға болады. Батыс мәдениетінде Мұхаммед пайғамбар бейнесінің қалай өзгергенін анықтаудың ең тиімді әдісі тарихи әдіс болып табылады. Өйткені, ортағасырлық христиан жазбаларын талдаудан бастап, қайта өрлеу дәуірі мен ағартушылық кезеңіндегі Вольтер, Карлайл, Гиббон т.б. зерттеушілердің еңбектері, XX–XXI ғасырлардағы тарихи зерттеулер мен академиялық еңбектерді салыстыру арқылы пайғамбардың бейнесінің тарихи өзгерістерін толыққанды сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеу тәсілдерінің бірі контент-талдау арқылы Батыс медиасындағы мақалалар, телебағдарламалар, деректі фильмдер және әлеуметтік желілердегі пікірлерді зерттеу, Голливуд фильмдеріндегі мұсылмандар бейнесіне анализ жүргізу, Мұхаммед пайғамбарға қатысты карикатуралар мен олардың қабылдауын зерттеу пайғамбар тұлғасының қалай сипатталатынын, қандай тақырыптарға ерекше назар аударылатынын анықтауға мүмкіндік береді. Медиа материалдарында қолданылатын риторикалық тәсілдерді, метафораларды, терминдерді зерттеу арқылы пайғамбардың тұлғасына қатысты қандай идеологиялық және мәдени ұстанымдар басым анықтайды.

Нәтижелері және талқылау

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Орта ғасырлардағы бейнесі

Орта ғасырларда Еуропада Мұхаммед пайғамбардың бейнесі негізінен жағымсыз сипатта болды. Шіркеу және діни қайраткерлер оны кәпірлердің басшысы, жалған пайғамбар, дін бұзушы ретінде сипаттады. Бұл көбіне крест жорықтары кезінде мұсылмандарға қарсы жаулықты күшейту мақсатында жасалды. Ортағасырлық христиан теологтары исламды христиандықтың бұрмаланған түрі ретінде қарастырды. Көптеген деректерге қарасақ, Батыс ғалымдары XIX–XX ғасырларда исламды зерттеуге ерекше назар аударды. Бұл кезеңде ғылыми әдістемелер мен философиялық тәсілдер өзгерді, жаңа деректер мен тарихи көзқарастар пайда болды. Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы мен оның қызметі түрлі аспектілерде талданды: оның діни және моральдық мұрасы, қоғамды өзгерту

жолындағы батыл қадамдары, оның заманындағы араб әлемі мен бүкіл ислам өркениетіне жасаған ықпалы. Сонымен қатар, Батыс зерттеушілері Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өмірі мен жеке тұлғасына қатысты сындарлы және жиі даулы пікірлерді де алға тартты. Бұл жұмыс Батыс ғалымдарының Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) туралы жасаған негізгі тұжырымдары мен пікірлерін және де Батыс медиасындағы орнын, олардың исламға деген көзқарастарын, сондай-ақ мұндай зерттеулердің ғылыми қауымдастық пен жалпы қоғам үшін маңыздылығын бағалауға бағытталған. Сонымен бірге, Хазірет Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) қатысты пікірталастар мен сындардың ислам әлемінің Батысқа қатысты түсініктерін қалыптастырудағы рөлі зерттеледі. Ғалымдардың көпшілігі Хазірет Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) тарихи тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар діннің негізін қалаушы ретінде зерттеген. Шығыстың тарихи – мәдени құндылықтарын зерттеу нысаны етіп алған шығыстанушылар мұсылман әлемін екі түрлі көзқараспен бағалап, көрсетуде. Бірінші көзқарастар, Батыстың Хазірет Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) деген теріс көзқарасы, дұрыс түсінбеушілік пен жалған ақпараттан тұрды. Ислам діні VII ғасырдан бері адамзатқа қауіп ретінде қабылдап, ал Хазірет Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) қорқынышты және жағымсыз жау ретінде көрді. Оның «Құдайдың елшісі» ретіндегі ролін теріске шығарып, оны тек діни жаңалық ашушы ретінде қарастырды. Пайғамбар бейнесін бұрмалап, олар оны жалған, бидғатшы, кәпір, шайтан және христианға қарсы деген қорлайтын аттармен атады. Көптеген Еуропа жазбаларында Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) терең моральдық кемшіліктері бар адам ретінде бейнеленді. Батыс жазушылары, ақындары, шіркеу қайраткерлері, мемлекет қайраткерлері, тарихшылар, өмірбаяншылар, философтар, шығыстанушылар да Исламды, әсіресе оның пайғамбарын фанат, масқара, тіпті жынды тұлға ретінде көрсетуге тырысты. Оны ғажайыптар ойлап табудың керемет қабілетін беретін үлкен шайтан күші бар Мәсихке қарсы тұлға ретінде қабылдады. Осылайша, батыс мәдениетінде адамзаттың асылы, Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) бейнесі толығымен бұрмаланды. Кейбір тарихшылардың өз беттерімен өрбіткен өсек-аяңы, оның ақаусыз да кіршіксіз өмірін әсте көлеңкелей алмайды, олардың айтқандары өз бастарынан өзбады. Өзіндік көзқарастар шынайы ақиқатты бейнелей алмады. (Бути, 2019: 268)

Ал, екінші бір көзқарастарда, Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) – ислам дінінің негізін қалаушы, Алланың соңғы пайғамбары, ұлы тұлға ретінде танылды. Ол адамзатқа тек рухани құндылықтарды емес, басқада ізгілік, әділеттілік, адамгершілік қағидаларын қалыптастырушы ретінде үлгі тұтатын тұлға. Ол кісінің әділеттілігін жоғары бағалап, адамдар арасында теңдік, әлеуметтік әділдікті орнатқан тұлға ретінде қарастырған. Оның рухани жетекшілігін, әділдігін, парасаттылығын және адамзатқа қалдырған мұрасын жоғары бағалаған. Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметі тек мұсылмандарға емес бүкіл әлемге үлгі болды. Бұған дәлел ретінде төмендегі тұлғалардың ойларын мысал келтірейін:

«Мен Мұхаммедтің өмірі туралы оқыған сайын оның өмірлік философиясына таңданым арта түсті. Ол өз деген идеясының тек сөзбен емес іс- әрекетімен де дәлел». Махатма Ганди – үнді философы және қоғам қайраткері (Луис, 2003: 152).

«Ұлы көшбасшыларды анықтау үшін олардың адамзатқа берген пайдасын бағалау қажет. Осы тұрғыдан қарағанда Мұхаммед ең жоғары деңгейде көшбасшы ретінде көрінеді» деп американдық психиатр Жюль Масер тұжырымдайды. Майкл Харт өзінің «Тарихта 100 ең ықпалды адамдар» кітабында «Менің Мұхаммедті (с.а.с.) дүниеде ең ықпалды адамдардың тізіміне қосуым және де оны бірінші орынға қоюым кей бір оқырмандарды таң қалдыруы, кей біреулерде сұрақтар туындауы мүмкін, ал басқаларында қарсылық тудыраар. Алайда, ол тарихта зайырлы және діни деңгейде жоғары дәрежеге жеткен жалғыз адам болды. Ол әлеуметтік деңгейі төмен отбасынан шыққанымен әлемдік діндердің бірі - исламның негізін қалаушы әрі ерекше жетістіктерге жеткен саяси көшбасшы болды. Бүгінгі күні, оның өлімінен кейін қаншама ғасыр өтсе де, оның іс- әрекеттерінің әлемге әсері әлі де айтарлықтай күшті. Салыстырмалы түрде исламға әсері

Иса Мәсих пен Әулие Павелдің христиандыққа әсерінен көбірек болуы мүмкін. Дәл осы дүниелік және діни әсердің теңдесі жоқ үйлесімі Мұхаммедті (с.а.с.) адамзат тарихындағы ең ықпалды дара тұлға деп санауға құқық береді» (Hart, 1978: 33).

Қайта өрлеу және Реформация дәуірі

XVI–XVII ғасырларда Еуропада Реформация мен Қайта өрлеу кезеңінде Мұхаммед пайғамбардың бейнесі өзгеріске ұшырай бастады. Кейбір протестант реформаторлары (мысалы, Мартин Лютер) оны католик шіркеуінің қатыгездігі мен жемқорлығына қарсы шыққан тұлға ретінде қарастырды. Бұл кезеңде Мұхаммедтің (с.а.с.) тарихи тұлғасына деген қызығушылық артып, оның өмірбаяны зерттеле бастады. Қайта өрлеу (Ренессанс) және Реформация дәуірлерінде пайғамбар тұлғасына деген көзқарастар айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұл дәуірлердегі пайғамбарлық туралы пікірлерді төмендегі негізгі бағыттарға бөлуге болады:

Қайта өрлеу дәуірі (XIV–XVI ғасырлар)

Қайта өрлеу дәуірінде адамның ақыл-ойы мен шығармашылық қабілеті жоғары бағаланып, антикалық дәуірдегі гуманизм идеялары қайта жаңғырған дәуір деп атауға болады. Бұл дәуірде жалпы пайғамбарлар туралы көзқарастар келесідей сипатта болды: Гуманистік көзқарас: Қайта өрлеу ойшылдары пайғамбарларды тарихи тұлғалар ретінде қарастырып, олардың діни жетекшілік рөлін бағалады. Алайда олар діни догмаларды қайта қарастырып, пайғамбарлардың қызметін адамзат дамуының бір бөлігі ретінде қарастырды. Никколо Макиавеллидің пайғамбарлық түсінігі: Макиавелли өз еңбектерінде пайғамбарларды қоғамды өзгертуге қабілетті тарихи тұлғалар ретінде сипаттады. Ол Муса, Иса және Мұхаммед пайғамбарларды жаңа қоғамдық тәртіп орнатушылар деп атады және олардың табысқа жетуі қарулы немесе қарусыз әрекеттеріне байланысты деп есептеді. Никколо Макиавелли (1469-1527) Мұхаммед пайғамбарды тарихи тұлға және жаңа мемлекеттік жүйені орнатқан реформатор ретінде қарастырды. Оның пайғамбарлық туралы көзқарастары «Патша» және «Тит Ливийдің бірінші он күндігі туралы ойлар» еңбектерінде көрініс тапқан. Макиавеллидің Мұхаммед пайғамбар туралы көзқарасы объективті болды. Пайғамбарлар – жаңа билікті орнатушылар ретінде сипаттап, Макиавелли Мұхаммед пайғамбарды Муса, Ромул және Иса сияқты жаңа тәртіп орнатқан тарихи тұлғалармен қатар қойды. Оның пікірінше, табысқа жеткен пайғамбарлар – өз идеяларын күштеп орната алғандар, ал сәтсіздікке ұшыраған пайғамбарлар – әлсіздік танытқандар. Ол өзінің «Патша» еңбегінде барлық қаруланған пайғамбарлар жеңіске жетеді, ал қаруланбаған пайғамбарлар жеңіліске ұшырағанын айтты. Бұл жерде Макиавелли Мұхаммед пайғамбардың исламды орнату үшін әскери күш қолданғанын атап өтеді. Алайда, Ол өздігінен қару алып, күшпен ислам қабылдатқан емес. Тек, Алланың әмірін уахи арқылы, Жебірейіл періштенің жеткізуімен орындап отырғандығы көпшілік қарапайым адамдар және ғалымдарға да мәлім. Оның ойынша, саяси және діни өзгерістерді тек күшпен бекіткен тұлғалар ғана өз идеясын жүзеге асыра алады. Мұхаммед пайғамбар – жаңа тәртіпті енгізуші. Әрине, бұл тәртіпті де өздігінен енгізбеді. Ол Мұхаммед пайғамбардың ерекше елді басқару қабілетіне назар аударып, Макиавелли Мұхаммед пайғамбарды жаңа дінді ғана емес, жаңа саяси жүйені де қалыптастырған тарихи қайраткер ретінде сипаттайды. Ол Мұхаммедтің басқарушылық қабілетін жоғары бағалап, оны күшті әрі ақылды билеуші ретінде көреді. Қоғамдағы дінді басқару құралы ретінде пайдалануына ерекше мән беріп, Макиавелли саясат пен діннің өзара байланысын талдай келе, пайғамбарлар мен билеушілердің халықты басқаруда діни сенімдерді қалай қолданатынын зерттейді. Ол Мұхаммед пайғамбарды діни сенім арқылы қоғамды біріктіре алған билеуші ретінде қарастырады. Макиавелли Мұхаммед пайғамбарды жай діни тұлға ғана емес, саяси реформатор әрі жаңа билік жүйесін қалыптастырған күшті басшы деп бағалады. Ол пайғамбарлықтың табысты болуы қарудың және биліктің беріктігіне байланысты екенін атап өтті. Макиавеллидің бұл көзқарастары оның прагматикалық және реалистік саяси ойлау жүйесін көрсетеді. Алайда, бұл дәуірде

де, рационализмнің күшеюі орын алды, кейбір Қайта өрлеу ғалымдары пайғамбарлықты мифологиялық және аңыздық элементтері бар құбылыс ретінде де қарастырды.

Реформация дәуірі (XVI ғасыр)

Реформация – католик шіркеуіне қарсы бағытталған діни қозғалыс болды. Бұл кезеңде пайғамбарларға деген көзқарастарды келесі тұрғыдан қарастырылған: Мартин Лютер және протестанттық көзқарас: Лютер пайғамбарларды Құдайдың сөзі мен еркін жеткізушілер ретінде бағалады. Алайда ол Рим папасын жалған пайғамбар деп атап, шіркеудің билігі мен дінбасыларының абсолютті беделін жоққа шығарды. Оның ойынша, пайғамбарлар – адамдарды тікелей Құдаймен байланыстырушы тұлғалар ретінде қызмет атқарады. Иә, Мартин Лютер Мұхаммед пайғамбар туралы пікір білдірген және оның ислам дініне қатысты еңбектері бар. Ол 1542-1543 жылдары «Түріктерге қарсы соғыс туралы» және «Құранды жоққа шығару» атты еңбектерінде ислам мен Мұхаммед пайғамбар туралы өз ойларын жазды. Исламды «бөлек дін» ретінде қарастырып, Лютер исламды христиандықтан түбегейлі бөлек дін деп санады. Ол Мұхаммед пайғамбарды христиандық ілімге қайшы келетін жаңа діннің негізін қалаушы ретінде сипаттады. Лютер Мұхаммед пайғамбарды «жалған пайғамбар» деп атап, оны христиандықтың басты жауларының бірі ретінде көрсетті. Ол исламды Еуропадағы христиан әлеміне қауіп төндіруші күш ретінде қабылдады. Ал, Осман империясына қарсы теріс көзқарасын білдірді. Лютердің ислам туралы пікірлері көбіне Осман империясының Еуропаға төндірген қаупімен байланысты болды. XVI ғасырда Осман империясы Венгрия мен Балқанды жаулап алып, Венаға дейін жеткен болатын. Осы себепті Лютер исламды әскери және саяси тұрғыдан қауіпті деп санады. Құранға қарсы теріс пікірлері де жоқ болмады. Лютердің «Құранды жоққа шығару» еңбегі Құран мен исламның христиандыққа қайшы келетін тұстарын сынауға арналған. Ол Құранның кейбір бөліктерін қате түсініктерден құралған деп есептеді және оны Еуропада таралуына қарсы шықты. Лютердің пікірлері көбінесе діни полемика мен оның протестанттық реформасына негізделген. Ол католик шіркеуіне қарсы шыққанымен, исламды христиандықтың дұшпаны ретінде қарастырды. Дегенмен, Лютер Осман империясына қарсы соғысуды тікелей қолдамаған, ол мұсылмандарға қарсы қарулы қақтығыстан бұрын, рухани күрес жүргізу керек деп есептеді. Мартин Лютер Мұхаммед пайғамбар туралы жағымсыз пікірлері, оның еңбектеріндегі көбіне сол дәуірдегі христиандық пен ислам арасындағы діни және саяси қайшылықтарға байланысты болды. Ол исламды діни тұрғыдан сынағанымен, мұсылмандарды өз діндерін ұстанғаны үшін тікелей айыптамады. Реформация кезінде католик шіркеуінің кейбір діни қайраткерлері мен әулиелер жалған пайғамбарлар ретінде қарастырып, протестанттық қозғалыс өкілдері халықты адастыруға тырысатын адамдарды әшкерелеу қажеттігін баса айтты. Протестанттық бағыттағы кейбір ойшылдар пайғамбарлықты метафоралық немесе рухани деңгейде түсіндіріп, оны Құдайдың еркін таратуға міндетті кез келген адаммен байланыстыруға тырысты. Қайта өрлеу дәуірінде пайғамбарларға рационалды және тарихи тұлғалар ретінде қарау басым болды, ал Реформация кезеңінде пайғамбарлық діни тазалықты қалпына келтірумен тығыз байланыстырылды. Бұл дәуірлер пайғамбарлық институтын жаңа тұрғыдан қарастырып, оның әлеуметтік, саяси және діни маңызын қайта бағалауға мүмкіндік берді.

Ағарту дәуірі және Наполеон кезеңі

XVIII ғасырда француз философтары (мысалы, Вольтер) бастапқыда Мұхаммедті фанатик және диктатор ретінде сипаттады. Алайда кейінірек кейбір ағартушылар оны реформатор, заң шығарушы, мемлекеттің негізін қалаушы ретінде мойындай бастады. Наполеон Бонапарт исламды зерттеп, Мұхаммедті (с.а.с.) ұлы әскери қолбасшы, дана көшбасшы ретінде бағалады. Ағарту дәуірі – ғылым, рационализм және жеке бостандық идеялары алдыңғы қатарға шыққан кезең. Бұл дәуірдің ойшылдары діни догмаларға күмәнмен қарап, тарихи және философиялық тұрғыдан дінге жаңа көзқарас қалыптастырды. Барлық кезеңдердегі сияқты, ағарту кезеңінде де, Мұхаммед пайғамбар

туралы пікірлер әртүрлі болды: кейбір ойшылдар оны жағымды реформатор деп бағаласа, енді біреулері оны сынға алды.

Вольтер (1694-1778). Вольтер алғашында Мұхаммед пайғамбарды «жалған пайғамбар» ретінде сынға алғанымен, кейінірек исламға және Мұхаммедтің тұлғасына оң көзқараспен қараған. Оның «Мұхаммед немесе фанатизм» атты пьесасы бастапқыда исламды сынайтын сипатта болған (Вольтер, 2020). Оның бұл пьессада Мұхаммед пайғамбарға берген сипаттамасы мүлдем шындыққа жанаспаған. Ол Мұхаммедті қатыгез, өз мүддесін ғана көздейтін, қатал, әділетсіз тұлға ретінде көрсеткен. Ал, пайғамбардың бұл қасиеттері мүлдем шындыққа жанаспайтынының, бұл сипаттамалардың абсолютті түрде қате екенін, сол кездегі кәпірлер де, мүшриктер де білетін. Оның өмірбаянына қарап, ол кісінің шыншылдығы, әділеттілігі, мейірімділігі және де кеңпейілділігінің арқасында сол кездің қаншама тұлғалары Исламды қабылдағанын көре аламыз. Кейінгі еңбектерінде ол исламды қаралау емес, жалпы діни фанатизмді сынауды мақсат еткенін айтты. Кейінірек Вольтер исламның монотеистік сенімін жоғары бағалап, Мұхаммедті тарихи реформатор ретінде сипаттағанын көруге болады (Виноградова, 1998: 77).

Жан-Жак Руссо (1712-1778). Руссо ислам дінінің қоғамдағы рөлін зерттей отырып, Мұхаммед пайғамбарды қоғамды біріктіруші әрі мемлекеттік реформатор ретінде бағалады. Ол ислам мен саясаттың тығыз байланыста болуын исламның күші ретінде қарастырды.

Готхольд Лессинг (1729-1781). Лессинг діни төзімділік идеясын ұстанып, исламды басқа діндермен тең дәрежеде қарастырды. Ол Мұхаммед пайғамбарды өркениетті дамытуға үлес қосқан қайраткер ретінде сипаттады.

Шарль де Монтескье (1689-1755). Монтескье ислам мен Мұхаммед пайғамбарды сынай отырып, исламдағы билік пен діннің ажырамастығы Еуропадағы абсолютизмге ұқсас екенін атап өтті. Ол исламның әскери жаулап алу арқылы таралуын сынаған.

Дени Дидро (1713-1784). Дидро Мұхаммед пайғамбарды рационалды тұрғыдан қарастырып, оны адамдарды өзіне бағындырған реформатор деп санады. Ол жалпы діндерге сын көзбен қарап, дінді саясаттың құралы ретінде сипаттаған (Hurewitz, 1975: 270).

Наполеон кезеңі (1799-1815) және Мұхаммед пайғамбар. Наполеон Бонапарт Мұхаммед пайғамбарға ерекше қызығушылық танытқан билеушілердің бірі болды. Оның исламға деген көзқарасы Египет жорығы (1798-1801) кезінде қалыптасты. Наполеонның Мұхаммед пайғамбарға құрметпен қарап, күшті реформатор, тамаша заң шығарушы және әскери басшы ретінде жоғары бағалады. Ол «Мұхаммедтің заңы (шариғат) христиандықтың заңдарынан әлдеқайда ақылды әрі логикалық» деп мәлімдеген. Египеттегі жорығы кезінде Наполеон мұсылмандардың қолдауына ие болу үшін өзін исламға бейілді тұлға ретінде көрсетуге тырысты. Ол «Менің дінім – Ислам» деп мәлімдеп, Мұхаммед пайғамбарды ұлы басшы деп мақтаған. Наполеон Мұхаммед пайғамбардың «дінді билікпен ұштастырып, күшті мемлекет құрғанын» ерекше атап өтті. Ол Исламның қарапайым және біртұтас монотеизмі христиандықтағы діни қақтығыстар мен көптүрлі догмалардан гөрі жүйелі деп санады. Ағарту дәуірінде Мұхаммед пайғамбарға әртүрлі көзқарастар қалыптасты: кейбір ойшылдар оны реформатор деп бағаласа, басқалары діни фанатизммен байланыстырды. Наполеон дәуірінде Мұхаммед пайғамбар көбінесе ұлы заң шығарушы және билеуші ретінде сипатталды. Наполеон оны ерекше құрметтеген, себебі оның әскери, саяси және діни реформалары Наполеонның өз жоспарларына ұқсас болған. Осылайша, бұл кезеңдерде Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы тек діни ғана емес, тарихи және саяси тұрғыдан да маңызды деп қарастырылды.

XIX–XX ғасырлар: Шығыстану және объективті зерттеулер

XIX ғасырда еуропалық шығыстанушылар Мұхаммед пайғамбардың өмірін зерттей бастады. Бұл кезде оның бейнесі ғылыми тұрғыдан сипатталып, тарихшылар оны діни реформатор, қоғам қайраткері, адамгершілік ұстанымдары бар тұлға ретінде қарастыра

бастады. Дегенмен кейбір шығыстанушылар әлі де еуроцентризмге сүйеніп, ислам мен Мұхаммедті (с.а.с.) сынға алуды жалғастырды.

Қазіргі заман: объективті және исламофобиялық көзқарастар

XXI ғасырда Мұхаммед пайғамбардың бейнесі екі түрлі бағытта қалыптасқан: Бірінші көзқарас зерттеушілер мен тарихшылар оның өмірін объективті түрде зерттеп, діни көшбасшы, мемлекет қайраткері, әділ басшы ретінде бағаласа, ал екінші бір көзқарастар бұл Исламофобиялық көзқарастар әсіресе БАҚ-та таралып, оны радикализм мен фанатизммен байланыстыруға тырысатындар да бар. XIX–XX ғасырларда Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен ілімі туралы зерттеулер жаңа академиялық бағытта жүргізіле бастады. Бұл кезеңде Шығыстану ғылымы қалыптасып, ислам, Құран және Мұхаммед пайғамбардың тарихи рөлі тереңірек зерттелді. XIX ғасыр – колониализм мен империялық зерттеулер дәуірі болды. Еуропа елдері Осман империясы, Үндістан және Солтүстік Африкада ықпалын күшейткен сайын, ислам мен Мұхаммед пайғамбарға деген қызығушылық артты. Шығыстану ғылымы негізінен Франция, Германия және Ұлыбритания сияқты елдерде дамыды. Төменде атақты XIX ғасыр шығыстанушылары және олардың еңбектерін қарап шығайық.

1. *Томас Карлейль (1795-1881)*. «Геройлар және олардың табынуы» 1841 еңбегінде Мұхаммед пайғамбарды "Ұлы адам" ретінде сипаттады. Ол Мұхаммедті дінін тарату үшін тек қылышқа сүйенді деген еуроцентрлік түсінікті жоққа шығарып, оны шынайы сенім адамы ретінде бағалады.

2. *Эрнест Ренан (1823-1892)*. Француз шығыстанушысы «Ислам және ғылым» еңбегінде ислам мен араб өркениетінің Еуропаға әсерін талдады. Ол Мұхаммед пайғамбарды тарихи реформатор ретінде қарастырғанымен, ислам философиясын Батыс өркениетінен төмен санаған.

3. *Густав Вейль (1808-1889)*. «Мұхаммед және Ислам тарихы» 1844 атты еңбегінде Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен ілімін тарихи деректерге сүйене отырып зерттеді. Ол исламды Таяу Шығыстағы басқа діндермен салыстырып, оның әлеуметтік және саяси аспектілерін қарастырды.

4. *Вильгельм Мюллер (1819-1899)*. Ислам тарихын зерттеген неміс шығыстанушысы. Оның еңбектерінде Мұхаммед пайғамбар «тарихи тұлға» ретінде қарастырылады және оны қасиетті пайғамбар ретінде қабылдамайды, бірақ оның реформаторлық қызметін жоғары бағалайды (Ayalon, 1987: 52-53).

XX ғасырда шығыстану ғылымында евроцентризмді жеңуге және исламды ішкі тұрғыдан түсінуге бағытталған жаңа зерттеулер пайда болды. Атақты XX ғасыр ислам зерттеушілері:

1. *Монгомери Уотт (1909-2006, Ұлыбритания)*. «Мұхаммед Меккеде» 1953 және "Мұхаммед Мәдинада" 1956 еңбектерінде Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен саяси қызметін жан-жақты талдады. Ол Мұхаммедті "шынайы тарихи тұлға" ретінде қарастырып, оны ұлы діни реформатор ретінде сипаттады.

2. *Максима Родинсон (1915-2004, Франция)*. «Мұхаммедтің өмірі» 1961 кітабында Мұхаммед пайғамбарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан зерттеді. Ол пайғамбардың жаңа қоғам қалыптастырудағы рөлін марксистік көзқараспен түсіндірді.

3. *Фред Доннер (1945-...)*. «Исламның ерте дәуірі» 1981 еңбегінде Мұхаммед пайғамбардың әскери жорықтарын саяси және діни факторлармен байланыстырды. Ол исламның алғашқы кезеңдерін деректер негізінде қайта зерттеді.

4. *Карен Армстронг (1944-..., Ұлыбритания)*. «Мұхаммед: Батысқа арналған өмірбаян» 2006 кітабында Мұхаммед пайғамбарды объективті тұрғыдан сипаттады. Ол Батыстағы исламға қатысты қате түсініктерді түзетуге тырысты.

XIX ғасырда Мұхаммед пайғамбар көбінесе еуроцентрлік, сыншыл көзқараспен зерттелді. XX ғасырда исламды ішкі тұрғыдан түсінуге, объективті зерттеуге ұмтылыс пайда болды. Дегенмен, Батыс шығыстануында «Ориентализм» мәселесі көтерілді, бұл

Еуропа көзқарасының шығыс өркениетіне деген үстемдікшіл сипатта болғанын көрсетті. ХХІ ғасырда Мұхаммед пайғамбардың бейнесі екі түрлі бағытта қалыптасқан: Зерттеушілер мен тарихшылар оның өмірін объективті түрде зерттеп, діни көшбасшы, мемлекет қайраткері, әділ басшы ретінде бағалайды. Қазіргі академиялық зерттеулер Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен ілімін түрлі тұрғыдан қарастырады. Бұл зерттеулер ислам дінін тек діни тұрғыдан ғана емес, мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси факторлармен байланыстыра отырып зерттеуге тырысады (Shadinova et al., 2024: 8). Исламофобиялық көзқарастар әсіресе БАҚ-та таралып, оны радикализм мен фанатизммен байланыстыруға тырысатындар да бар. Қазіргі Батыста исламофобияның күшеюіне бірнеше фактор әсер етті:

1. 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғалары;
2. ДАИШ (ISIS) және басқа да экстремистік ұйымдардың әрекеттері;
3. Миграциялық дағдарыстар мен Еуропадағы ислами қауымдастықтардың өсуі;
4. Саяси оңшыл популизмнің өрлеуі.

Исламофобиялық пікірлер көбінесе Мұхаммед пайғамбарды зорлық-зомбылыққа, терроризмге жақын тұлға ретінде сипаттауға тырысады. Мұндай көзқарастар ғылыми дәлелдерге емес, стереотиптерге және саяси насихатқа негізделеді. Белгілі исламофобиялық тұлғалар және олардың көзқарастары:

Роберт Спенсер (АҚШ). «Мұхаммедті түсіну: Ислам негізін қалаушы туралы өмірлік маңызды шындықтар» (2006). Мұхаммед пайғамбарды тек қана әскери басшы ретінде сипаттайды. Оның өміріндегі контексті ескермей, тек соғыстар мен әскери жорықтарға мән береді.

Брюджит Габриэль (АҚШ, саясаткер). «Ислам радикалдары – Батыстың ең үлкен қаупі» деп мәлімдейді. Мұсылмандарды күдікті топ ретінде қарастырады.

Эдвард Саид (1935-2003) өзінің «Ориентализм» (1978) еңбегінде Батыс елдерінің Шығысты үстемдік ететін, артта қалған өркениет ретінде сипаттауын сынға алды. Исламофобия саяси құрал ретінде жиі қолданылатынын дәлелдеді.

Қорытынды

Орта ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін Мұхаммедтің өмірі мен мұрасына қатысты кең ауқымды және терең зерттеулер жүргізілді. Мұхаммедтің тарихи, діни және әлеуметтік рөлін жан-жақты қарастыра отырып, оның тек ислам әлемінде ғана емес, бүкіл адамзат тарихында алатын орнының маңыздылығын көрсетеді. Ғалымдарының көпшілігі Мұхаммед пайғамбарды тарихи тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар діннің негізін қалаушы ретінде зерттеген. Бұл тұрғыда кейбір ғалымдар Мұхаммедтің «құдайдың елшісі» ретіндегі рөлін теріске шығарып, оны тек діни жаңалық ашушы ретінде қарастырды. Кейбіреулер оны ұлы көшбасшы және діни реформатор ретінде жоғары бағаласа, басқалары оның ислам тарихындағы рөліне қатысты түрлі сыни пікірлер ұсынды. Алайда, көпшілік ғалымдар оның әлем тарихындағы ықпалын және Мұхаммедтің ислам әлемі үшін ерекше орны бар тұлға екенін мойындайды. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) бейнесі уақыт өте келе өзгеріп, әртүрлі тарихи, мәдени және саяси контекстке байланысты әртүрлі қабылданды. Батыс әлемінде оған деген көзқарастар көбіне қоғамдық пікір мен саяси жағдайларға тәуелді болды. Қазіргі кезде оның бейнесі неғұрлым объективті зерттеліп, оның әлем тарихындағы маңызды рөлі кеңінен мойындалуда. Объективті зерттеулер Мұхаммед пайғамбарды тарихи деректер арқылы түсіндіруге тырысады және оны тек діни тұлға ғана емес, әлеуметтік реформатор ретінде қарастырады. Исламофобиялық көзқарастар көбінесе саяси мақсаттарға бағытталған, исламды теріс сипаттау үшін бұрмаланған тарихи фактілерге сүйенеді. Қазіргі шығыстанудағы басты мақсат – Мұхаммед пайғамбар мен ислам тарихын объективті түрде зерттеп, стереотиптер мен жалған ақпараттарға қарсы тұру. Хазірет Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өмірі мен мұрасы тек діни қайраткерлік тұрғысынан емес, адамзат тарихында мәдениетаралық және өркениеттік ықпалы жағынан

ерекше орын алады. Әлемнің әртүрлі ғалымдары, ойшылдары мен зерттеушілердің пікірінде жоғары бағалануының өзі, оның көшбасшылық қабілеттері, әділеттілікке негізделген саясаты және адамзаттық құндылықтарды насихаттауының жоғары дәрежеде екендігін көрсетті. XIX ғасырда Мұхаммед пайғамбар негізінен сын тұрғысынан зерттелді, бірақ кейбір ғалымдар оны ұлы реформатор ретінде қарастырды. XX ғасырда шығыстанушылар объективтілікке ұмтылып, Мұхаммед пайғамбардың тарихи рөлін тереңірек талдады. Қазіргі шығыстануда исламды ішкі көзқараспен зерттеу және мұсылмандық дереккөздерді пайдалану маңызды тенденцияға айналды. Осылайша, XIX-XX ғасырларда Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы туралы зерттеулер біртіндеп субъективті сипаттан объективті ғылыми талдауға қарай дамыды. Қазіргі зерттеулердің негізгі тұжырымдарына зер салсақ, Ислам мен Мұхаммед пайғамбарды терроризммен байланыстыру – тарихи бұрмалау. Ислам тарихын объективті зерттеу – қазіргі шығыстану ғылымының басты мақсаты болуы керек. . Мұхаммедтің өмірі мен мұрасын зерттеуде әртүрлі әдіснамалар мен тұжырымдамалар қолданылғандықтан, бұл зерттеулер діни, саяси, философиялық және тарихи тұрғыдан көптеген сұрақтарды көтереді. Бірқатар батыс ғалымдары Мұхаммедті тек тарихи тұлға ретінде қарастырса, басқалары оның діни және рухани миссиясына тереңірек үңілді. Сонымен қатар, батыс зерттеушілері мұсылман әлеміндегі радикализм мен исламның қазіргі дағдарысына қатысты пікірлерін де білдірген, алайда бұл көзқарастарды исламның ішкі мәселелеріне терең түсіністікпен қараған зерттеулер толықтырады. Дегенмен, Мұхаммед пайғамбар мен исламды зерттеу, жалпы, көптеген контroversиялы тақырыптарды қамтитын күрделі сала болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Ayalon, Ami (1987). *Language and Change in the Arab Middle East: The Evolution of Modern Political Discourse*. – New York. – P. 578.
- Hurewitz J.C. (1975). *The Middle East and North Africa in World Politics: A Documentary Record*. – New Haven and London. Vol. 1. – P. 546.
- Hart, Michael (1932). *The 100: A ranking of the Most Influential Persons in the History*. – New York. – P. 233.
- Shadinova G.A., Dairabayeva G.B., Maldybek A.Zh (2024). *Recognizing Spiritual Space: Discovering The Inner Dimensions of Human Life*. НІКМЕТ журналы. – №1 (1). – Б. 5–18.
- Луис, Бернанд (2003). *Ислам и Запад*. – Москва: БИИАА, – С. 320.
- Виноградова Н. Б. (1998). *Все шедевры мировой литературы в кратком изложении. Сюжеты и характеры. Зарубежная литература 17-18 веков*. (Ред. и сост. В. И. Новиков). – Москва: Олимп: АСТ. – С. 832.
- Вольтер. (2020). Магомет. Электронная аудиокнига: <https://akniga.org/volter-magomet>
- Бути, Мухаммад Саид Рамадан (2019). *Понимание жизни пророка (с.а.в.) с кратким очерком истории праведных халифов*. – Казань: Издательский дом «Хузур». – С. 405.
- Никколо Макиавелли (1896). *Государь*. (под. ред. Курочкина). – Санкт-Петербург: Тиблен. – С. 500.

REFERENCES

- Ayalon, Ami (1987). *Language and Change in the Arab Middle East: The Evolution of Modern Political Discourse*. – New York. – P. 578. (in English).
- Buti, Mukhammad Said Ramadan (2019). *Ponimanie zhizni proroka (s.a.v.) s kratkim ocherkom istorii pravednykh khalifov [Understanding the Life of the Prophet (pbuh) with a Brief Overview of the History of the Rightly Guided Caliphs]*. – Kazań: Izdateľskii dom «Khuzur». – S. 405. (in Russian).

Hart, Michael (1932). The 100: A ranking of the Most Influential Persons in the History. – New York. – P. 233. (in English).

Hurewitz J.C. (1975). The Middle East and North Africa in World Politics: A Documentary Record. – New Haven and London. Vol. 1. – P. 546. (in English).

Luis, Bernard (2003). Islam i Zapad [Islam and the West]. – Moskva: BBIAA, – S. 320. (in Russian).

Nikkolo Makiavelli (1896). Gosudař [The Prince]. (pod. red. Kurochkina). – Sankt-Peterburg: Tiblen. – S. 500. (in Russian).

Shadinova G.A., Dairabayeva G.B., Maldybek A.Zh (2024). Recognizing Spiritual Space: Discovering The Inner Dimensions of Human Life. HIKMET журналы. – №1 (1). – Б. 5–18. (in English).

Vinogradova N.B. (1998). Vse shedevry mirovoi literatury v kratkom izlozhenii. Siuzhety i kharaktery. Zarubezhnaia literatura 17–18 vekov [All the Masterpieces of World Literature in Summary: Plots and Characters. Foreign Literature of the 19th Century]. (Red. i sost. V. I. Novikov). – Moskva: Olimp: ACT. – S. 832. (in Russian).

Volter. (2020). Magomet [Muhammad]. Elektronnaia audiokniga: <https://akniga.org/volter-magomet> (in Russian).